

Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы
Сәуір айы, IV-апта (19.04.-23.04.2021ж)

Өтпелі тақырып: "Табиғатты қорғап үйренейік"

Апталық тақырып: "Табиғатты аялайық"

Мақсаты: Балаларға қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту. Қоршаған ортаның әдемілігімен оған деген қамқорлық қарым-қатынасқа байланысты мейірімді сезімдерге тәрбиелеу. Жыл мезгілінің сипаттық белгілері туралы балалардың түсініктерін жүйелендіру, белгілерін еркін таба білуге үйрету.

Міндеті: Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, тіршілік иелеріне қамқор болып, аялауды ұғындыру. Үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 19.04.2021ж.	Сейсенбі 20.04.2021ж.	Сәрсенбі 21.04.2021ж.	Бейсенбі 22.04.2021ж.	Жұма 23.04.2021ж.
Балаларды қабылдау Ата аналармен әңгімелесу	8.00-8.40	Ата-аналар мен балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, т өлшеу, тазалығын тексеру.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		<p>Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?». Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту.</p>	<p>Саусақ жаттығуы: Сабындадық құлақты, атқан шақта жаңа таң. Міне, қандай қолымыз, міне қандай алақан. Соқтық міне алақан, аяғымыз билейді. Қуанғанда алақан алақанға тимейді</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Суретші қай жерде қателесті?" Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба білуге үйрету.</p>	<p>Саусақ ойыны: "Достық жаттығуы". Біздің топта қыздар мен ұлдар өзара дос. (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) 1,2,3,4,5. (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу).</p>	<p>Өлең жолдары: «Тазалықтың досы». Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолынды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ беті, маңдайың. Тазалықтың досы Су дегенің осы.</p>
Таңертеңгілік жаттығу		Ертеңгілік жаттығу кешені «Лентамен»				
Таңғы ас		Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету. Балаларға тамақ ішкенде жан – жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру. Тамақ ішіп болған соң майлықты				

		қолдандыру.				
Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8.40-9.15	Дидактикалық ойын: "Бұл қандай түс?" Мақсаты: Балаларға түстерді ажырата білуге үйрету.	Қимылдық ойын: "Жоғарыда-төменде". Мақсаты: жоғары–төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту.	Дидактикалық ойын: "Ғажайып қалта" Мақсаты: сезім мүшелері арқылы заттарды ажырата білуге үйрету	Дидактикалық ойын: "Оң және сол". Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру	Қимылдық ойын: «Доппен ойнау» Мақсаты: «Жоғары-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырған оқу қызметтері	9.15-10.20	1."Қатынас" Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Табиғат кереметтері» Мақсаты: Балаларға сұрақ – жауаптар арқылы табиғаттың сұлулығын білуге, оған қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру. Табиғатты ластамауға, оларға зиян келтірмеуге үйрету Әдіс-тәсіл: түсіндіру, айту, көрсету, сұрақ-жауап. 2."Таным". Математика негіздері «Табиғат тамаша» Мақсаты: Қоршаған орта жағдайында бір және көп ұқсас заттар табу біліктілігін арттыру. Бір және көп ұғымдарын сөзде қолдану қабілеттерін дамыту. Әдіс-тәсіл: түсіндіру көрсету, айту. Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер.	2."Денсаулық" Дене шынықтыру «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Бір аяғын алдына шығарып, екіншісін оның артына қойып, аяқтың ұшын бір-біріне жалғап адымдап жүре білуін бекіту. Шектелген алаңда тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту. Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру Қажетті құрал-жабдықтар: дене формасы, дене қыздыруға арналған жаттығулар 3."Шығармашылық Музыка: «Көктем келді» (Б. Бейсенова) Мақсаты: Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.	1."Денсаулық" Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Балықшылар» Мақсаты: Қимылмен музыкалық бейнені бере білуді жетілдіру. Аласа заттардың үстінен бірінен соң бірі секіріп өту, қос аяқпен бір мезгілде екпінмен итерілу, қол мен аяқ қимылын уйлестіре білуін бекіту. Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру. Қажетті құрал-жабдықтар: дене формасы, дене қыздыруға арналған жаттығулар 2."Таным" Көркем әдебиет Тақырыбы: "Ағаштар" әңгіме. М. Зайытов Мақсаты: Шағын әдеби шығарманы тындап, мазмұнын айта білуге үйрету, табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын	2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кемпірқосақ» Мақсаты: Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу. Заттардың арасынан қос аяқпен секіруді үйрету. Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру. Қажетті құрал-жабдықтар: дене формасы, дене қыздыруға арналған жаттығулар "Жаратылыстану" Тақырыбы: «Табиғатты қорға» Балаларды қоршаған орта, табиғат пен тіршілік арасындағы байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту. Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру. Табиғат, оның байлығын қорғау, күту туралы	1. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Бізді қоршаған орта» Мақсаты: Балаларға айнала қоршаған орта туралы білім беру. Біз жерде өмір сүреміз, төбемізде аспан, аспанда күн, айнала жасыл желек қоршайтынын меңгерту. Қоршаған ортаға, табиғатқа деген сүйіспеншілікпен эмоционалды елгезектікпен жағымды, қамқорлықпен қарауды қалыптастыру. 2."Шығармашылық" Мүсіндеу. Тақырыбы: «Алаңқайдағы саңырауқұлақтар» Мақсаты: Балаларды саңырауқұлақтармен таныстыру, олардың орманда өсетіні жайлы түсініктерін кеңейту, екі бөліктен тұратын қалпағы мен аяғын біріктіру тәсілін қолдана отырып дамыту,

				<p>арттыру</p> <p>2."Шығармашылық"</p> <p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы«Көк шалғын»</p> <p>Мақсаты: Балаларға көк шалғын жайлы түсініктерін жетілдіру, қылқаламды пайдаланып, үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, эстетикалық талғамын жетілдіру.</p> <p>Әдіс-тәсіл: түсіндіру, айту, көрсету, сұрақ-жауап, қортынды, мадақтау.</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты көрнекілік суреттер, қылқалам, түрлі-түсті гуаш.</p>	<p>түсініктерін дамыту.</p> <p>Табиғатқа деген қамқорлықтарын, сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсіл: түсіндіру, айту, көрсету, сұрақ-жауап, қортынды, мадақтау.</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты көрнекілік суреттер.</p>	<p>табиғатқа деген қызығушылығын қалыптастыру.</p> <p>Әдіс-тәсіл: көрсету, айту, түсіндіру, сұрақ-жауап, қортынды</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты көрнекілік суреттер, ермексаз, кескіштер.</p>
Серуенге дайындық	10.20-10.40	Киімдерін ретімен киюге үйрету. Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру, бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу.				
Серуен	10.40-12.00	<p>1. Аспанды бақылау.</p> <p>Мақсаты: Балалардың назарын көктемгі аспанға аудару. Аспанның қыста, қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау (қыста</p>	<p>1. Ағаштарды бақылау.</p> <p>Мақсаты: Ауладағы ағаштардың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Ойын</p>	<p>Құстарды бақылау</p> <p>Мақсаты: Құстар туралы түсініктерін дамыту. Жемсалығқа ұшып келген құстарды бақылап, оларды немен қоректендіру керектігін түсіндіру.</p>	<p>1. Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау.</p> <p>Мақсаты: Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту</p> <p>2. Еңбек: Құстарға жем беру.</p> <p>3. Қимылды ойын:</p>	<p>Тастарды бақылау.</p> <p>Мақсаты: өлі табиғат туралы түсінік беру. Тастардың әртүрлілігі туралы білім беру.</p> <p>2. Еңбек: ойын алаңындағы тастарды жинау.</p> <p>3. Қимылдық ойын:</p>

		аспан- сұр,ал қазір көкшіл болатынын айту). 2.Еңбек: Алаңдағы тастарды жинау. 3.Қимылды ойын: "Қазым қазым қаңқылда!" 4.Жеке жұмыс: Айбибиге сөздерді қайталатып айтқызу. 5.Еркін ойындар	алаңын реттеу. 3.Қимылдыойын: "Ағаштан ағашқа " 4.Жекежұмыс: Ақылбекке балалармен бірге ойнауға көмектесу. 5.Еркін ойындар	Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру. 2.Еңбек: Ойын алаңын тазалау 3.Қимылдық ойын: « Ақ қоян » 4.Жеке жұмыс: Ахмедиярдан түстерді ажыратып айтқызу. 5.Еркін ойындар.	"Ақ серек, көк серек" 4.Жеке жұмыс: Аянат пен Асылымнан пішіндерді сұрау 5.Еркін ойындар.	« Күн мен түн » 4. Жеке жұмыс: Аружанан жаттаған тақпақтарын сұрау. 5.Еркін ойындар
Серуеннен оралу	12.00-12.20	Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету.				
Түскі ас	12.20-13.00	Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу.				
Түскі ұйқы	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
		Жәй әуен ырғағымен балаларды ұйқыға жатқызу.	"Қасқыр мен жеті лақ" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату.	Балаларға жәйлі жатып,тыныш ұйықтауға,жылы сөз айтып жатқызу.	"Маша мен аю"ертегісін оқып беру арқылы тәтті ұйқыға жатқызу.	Балаларды Р. Рымбаеваның «Тентегім» әуені тыңдату арқылы ұйықтату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	15.10-15.40	Балаларды ұйқыдан оятып,керілу,созылу жаттығуларын жасату.Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын,оң аяқтарын көтеру,екі аяғын бірге ұстап түсіру.				
Бесін ас	15.40-16.10	Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету.				

<p>Ойындар, дербес әрекет.</p> <p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар</p>	<p>16.10-16.30</p>	<p>Вариативтік компонент:"Сикырлы әлем!" Тақырыбы: "Аквариумдағы балықтар" Мақсаты:Балықтар, олардың тіршілігі туралы түсінік беру. Жетіспейтін бөліктерін жетістіре отырып, алақанмен балық бейнесін жасауға үйрету. Елестету қабілетін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту, ынталы болуға тәрбиелеу Аянадан жыл мезгілдерін сұрау.</p>	<p>Үстел үсті театры арқылы"Шалқан" ертегісін қою. Мақсаты: Балаларды театр түрлері арқылы ертегі желісімен таныстыру.</p> <p>Аминат Аянатқа түрлі-түсті қарындаштармен сурет салуға үйрету.</p>	<p>Сюжеттік ойын: «Дәрігер» Мақсаты: Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту, тіл байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту. Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.</p> <p>Мадина мен Айназға үй жануарымен дала жануарын ажыратуды үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын "Түсі қандай?" Мақсаты: Балаларға түстерді үйрете отырып, оларды ажырата білулерін дамыту</p> <p>Нұрасылға түстерді ажыратуға дағдыландыру.</p>	<p>Қимылды ойын:"Қасқыр мен қояндар" Мақсаты:Тәрбиешінің сөзін тыңдауға,ойын мазмұнына сәйкес қимылдар жасауға,кеңістікті бағдарлауға,өз орындарын табуға үйрету.</p> <p>Айбибіге сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сақтауды үйрету.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>16.30-16.50</p>	<p>Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу.</p>				
<p>Серуен</p>	<p>16.50-17.50</p>	<p>1. Табиғат әсемдігін бақылау. 2.Қимылдық ойын: "Қуып жет" Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>1.Ауа-райының өзгергенін бақылау. 2.Қимылды ойын: "Қай жерден дыбыс шығады" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі</p>	<p>1.Бұлттарды бақылау. 2.Қимылды ойын: "Қай жерден дыбыс шығады" Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа,шап</p>	<p>1.Көліктерді бақылау. 2Қимылды ойын: "Поезд" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша</p>	<p>1.Құстарды бақылау 2.Қимылды ойын: "Ұшақ" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету</p>

		3.Еркін ойын.	бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету. 3.Еркін ойындар	шаңдыққа үйрету.Ойынды ойын барысында түсіндіру. 3.Еркін ойындар.	қимылдауға, ептілікке үйрету. 3.Еркін ойындар.	3.Еркін ойындар
Серуеннен оралу	17.50-18.00	Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге, киімдерін ретімен шешіп, жинап қоюға дағдыландыру. Қолдарын дұрыс жууға үйрету. құрғатып сүртулерін қадағалау.				
Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау	Ата-аналарға балаларды мезгілге сай киіндіруін ескертіп айту.	Ата-аналарға балаларының тәртібі туралы әңгімелесу.	Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу	Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.